

Дамудың жолы – білімде



Мемлекет басшысы К.К.Токаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауынан әрбір жеке тұлға өзінің күнделікті өміріне, отбасына, жұмысына игі әсері бар тұстарын іздейтіні анық. Президенттің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында ел экономикасын өркендетіп қана қоймай, білімді дамыту, рухани мәдениетімізді жаңғырту, денсаулық, қауіпсіздік шараларын күшейту сияқты мәселелерімен қатар өскелең ұрпақты өз бетімен ізденуге, ғылыммен айналысуына баса көңіл бөлу қажеттігін сөз етті.

Мемлекет тарапынан білім мен ғылымға көп көңіл бөлінуде. Әлемде қалыптасқан ауыр жағдай жастарымыздың білімге деген құштарлығын, оны игеру жолындағы талабына кедергі бола алмайды. Сондықтан жас ұрпақтың толыққанды білім алуын қамтамасыз ету үшін Президенттің бірыңғай білім беру платформасын құру туралы шешімі өте дұрыс қадам. Ал бұл өз кезегінде жастардың ғылымға бет бұруына кең жол ашады. Президенттің «Жас ғалым» жобасы аясында ғылыми зерттеу жүргізу үшін 1 мың грантты бөлуді тапсыруы осының жарқын айғағы.

Білім саласының қызметкері ретінде менің көңілімнен шыққаны Президенттің қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі болып келе жатқан жемқорлыққа тағы бір назар аударуы, оның ішінде жемқорлыққа барған қылмыскердің мерзімінен бұрын босатпау туралы шешімі мен жалған диплом жасаумен айналысатын жоғары оқу орындарын жабу мәселесін қозғауы қоғамның барлық әлеуметтік жіктерін бей-жай қалдырмағаны ақиқат. Бұл жастардың ашық та нақты білім алып шығуына, өзінің болашағына сеніммен қарауына жол ашатындығы анық.

Роман Аймағамбетұлы,

Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.